

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



**«ҚАЗАҚСТАН – 2050 СТРАТЕГИЯСЫ»
АЯСЫНДА ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮГІНІ
МЕН БОЛАШАҒЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

3 қазан 2014 жыл



Астана, 2014

УДК 001
ББК 72
К43

Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің журналистика және саясаттану факультеті кеңесінің шешімімен ұсынылды

Шығаруды ұйымдастырушылар:
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің
журналистика және саясаттану факультеті

Рецензент:
Сақ Қайрат Өмірбайұлы, журналистика және саясаттану факультетінің деканы,
ф.ғ.к., профессор.

Құрастырушылар:
Бекеева Лязат Қуанышбайқызы, ғылыми жұмыстар жөніндегі деканның орынбасары,
Төлепбекова Айгүл Мейрамқұлқызы, баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы.

К43 «ҚАЗАҚСТАН – 2050 СТРАТЕГИЯСЫ» АЯСЫНДА ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»: атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014 – 369 б.

ISBN 978-601-80336-4-3

Жинақ Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткен «Қазақстан – 2050 стратегиясы» аясында журналистік білім берудің бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары бойынша құрастырылды. Конференция материалдарында қазіргі ғылымның өзекті проблемалары қарастырылады. Жинаққа шетел профессорлары, Қазақстан ғалымдары, студенттер, магистранттар, докторлар, университет және факультеттің профессор-оқытушылар құрамының материалдары енген.

ISBN 978-601-80336-4-3

УДК 001
ББК 72

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014

және басқалардың тілдері негізінде диалектілік аз ғана өзгешелігі бар бірыңғай қазақ тілі қалыптасты [6, 52-53 б]. Тұтас алғанда қазақ халқы қалыптасқан этникалық және тарихи орта негізінен жергілікті түрік тілдес тайпалар мен тек жекелеп ауып келген Еуразия даласының Алтай, Оңтүстік Сібір және Орталық Азиядан шыққан түркі және моңғол тайпаларынан тұрды. Қазақтардың этникалық қауымдастығының қазақ халқы болып бірігу процесінің XV – XVI ғасырларда Қазақ хандығының ұйымдасуына байланысты аяқталғанын, қазақ халқының этникалық және мәдени даму жолдарын зерттеушілердің көпшілігі мойындап отыр. Этнос ретінде олардың осы кезеңде бірігіп, халық бола бастауы территориясының ортақтығына, мәдениетінің бірлігіне, сондай-ақ бүкіл этносқа түсінікті бірыңғай тілге негізделді. Бұның тарихи зор маңызы мынада: бұл кезде қазақтардың барлық жергілікті этникалық топтарында да, яғни олар қоныстанып жатқан кең байтақ жерде олардың этникалық туыстық сана – сезімі көзге анық түсетіндей дәрежеге жеткен еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гумилев Л.Н., Этногенез и биосфера земли. Үш томдық. Л., 1979, Екінші том.
2. «Қазақ» Бас ред. Қасымжанов А., Алматы, «Білім», 1994, 176 бет
3. Мағауин М., Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы. «Қазақстан», 1995, 208 бет.
4. Есламғалиұлы М. Сан қилы сауал. Ойтолғақ. – Алматы: Ана тілі, 1995
5. Әбусев Қ. Қазақстан тарихының ақтандақ беттерінен. Алматы: Қазақстан, 1994, 144 бет.
6. Ата салтыңды аяла. Құрастырған Ақбаев Н. Алматы: Ана тілі, 1998. 160 бет
7. Ә.Қоңыратбаев – Қазақ халқының этногенезі// Ақиқат. – 1992. №11. 48 – 54 бет.

Анар Жұмабаева,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Журналистика факультетінің 2-курс магистранты,
Алматы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ РУХ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Қазақ – ұлты сан ұлттар мен ұлыстардың мекеніне айналған ежелгі қазақ жеріндегі ата ұлт. Қазаққа қатысты сөз қозғалғанда, көрнекті ақын Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын!» деген ұранды жыр жолдары ойға оралады.

Кез-келген ұлтқа өзінің ұлылығын мойындату үшін орасан зор уақыт қажет болды. Ал ақберен рухтың есендігі сол ұлтқа рең беріп, оның елдік рәміздерін баршаға паш етер себепші екендігі аян. Осы ретте қазақ рухы туралы тасып та, жасып та айтуға болады. Ауа райынан басқаға аса тәуелді бола қоймаған қазақтың өмір салтында ел болып өмір сүргеніне тарих куә.

Ұлттық рух қайткенде де өз мүмкіндігін, күш-қуатын әйтеуір белгілі бір дәрежеде көрсететіні анық. Ал қазақтың рухты ел болғаны, ерік-жігері мықты, ерлік жасай білетін жұрт екені дәлелденген. Дегенмен ендігі мәселе сол ұлттық рухты қалыптастырып, ұрпақ бойына сіңіріп, халық арасында насихаттау мәселесі тұр. Ұлттық психологияны қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, ұлттық рухты оятуға келгенде, бұқаралық ақпарат құралдарының ролі ерекше. Қоғамдық сана-сезімді дұрыс бағытынан айнытып, теріс жолға түсіруде де, өкініше орай, бұқаралық ақпарат құралдарының әсері күшті екені рас. Яғни, бүкіл қоғамдық ой-пікірлердің бір арнаға тоғысуы, тәрбиенің дұрыс жолға қойылуы сияқты сындарлы да салиқалы істерді үлгі ретінде көрсететін, халықты сол жақсылыққа қарай жұмылдыратын – бұқаралық ақпарат құралдары. Қазіргі қоғамды ұлап отырған ішімдікке, есірткіге, шылым шегуге әуестік, ана тілінің қадір-қасиетін түсінбеушілік тәрізді тамыры тереңде жатқан, үлгі-өнегесі көп қазақ менталитетінен тым алыста жатқан мәңгірттік сана жайлаған ұлттық болмыстан алыс жатқан ұрпақ тәрбиесін дұрыс бағытқа жетелеу сынды міндеті ауыр, мақсаты биік істі атқару да осы қазақ бұқаралық ақпарат құралдарының мойнына жүктеліп отыр. «Тәрбие жұмысындағы сорақы жаңсақтықтың

салдарынан, жастардың кейбір бөлігі адам танымастай әдепсіз, жеңіл ойлы, нашар, епетеісіз қопал болып өсіп келеді. Тіпті, сужүрек, қажырсыз, бас қамын ойлайтындар да ұшырасады» [1].

Себебі, біздің қазақ қоғамының дәл бүгінгі проблемасы, ең алдымен тілі мен діліне жанашыр кез-келген азаматтың да проблемасы болуы тиіс. Әсіресе, қоғам өміріне белсене араласып қана қоймай, халық пен биліктің арасында байланыс орнататын, халыққа рухани азық ұсынатын журналист екені рас. Сол себепті журналистің жалпы халық алдындағы, ұлт алдындағы борышы орасан зор.

Жалған мадақ-мақтан, ұрлық-қарлық, боссөзділік, күштінің әлсізді тұқыртуы, сыбайлас жемқорлықтың ауыздықталмауы, урбанизация үдерісінің қарқындауы сияқты мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарынан жиі көрініс табуының өзі ұлттық тәрбиеге кері ықпалын тигізіп жатқаны сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда ұлт журналистерінің қызметтік парызы айқындалып отырады. Себебі, қай жерде, қай қоғамда болмасын «рухы күші ұлттың озатыны» белгілі [2]. Әлеуметтің өлара кезеңдегі оптимизмі, өз күшіне деген сенімі қай мәселеде болмасын шешуші рөл атқарады. Имандылық ұранына айналған сенімі мен сертіне берік ұлттың өкілімін деген биік мақтаныш пен адал ниет ана сүтімен, отбасымен тәрбиесімен ғана дарымайды, қоршаған ортаның, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарының да ықпалынан қалыптасып, жетіле түседі.

Тағлым, тәрбие беру туралы сөз қозғалғанда, отбасы, ошақ қасындағы тәрбие беретін ата-ана мен балаға білім берумен қатар, адами құндылықтарды дәріптейтін мектепте берілетін ұлттық тәрбиенің де маңызы зор. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеп, оның озық тұстарын бала санасына сіңіру арқылы ұлттық рухтың күшеюіне, ұлт алдындағы парызды сезіндіруге мол мүмкіндік туады. «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттардың бойында жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдар мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екендігіне көзім жетті», – деген қазақтың қаһарманы Бауыржан Момышұлының сөздері осыған негіз болады.

Бұл жерде ұлттық рухты қалыптастыру мәселесі алға шығады. Себебі, ең алдымен, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау арқылы ғана ұлттық психологияны қалыптастырып, ұлттық тәлім-тәрбиеге жол ашуға болады. Қазақ ұлтының ұлылығын, тектілігін, рухының күштілігін, тілі мен ділінің байлығын, қайнар бұлақтай сарқылмайтын тарихи-мәдени мұраларын айта берсек, таусылмайтыны дау тудырмас. Ал ұлттық құндылықтарды қабылдау, оларға жігі мән беріп, бойға сіңіру, дәріптеу, рухты ояту – қоршаған ортадағы құбылыстар мен түрлі әсерлерге байланысты қалыптасып, дамып отырады. Бұл жерде ықпалы күшті электронды бұқаралық құралдары екені рас.

Осы орайда, баспасөз беттерінде жарияланып жатқан материалдар, мақалалар, ой-толғаныстар аз емес. Ұлттық мәселелерге келгенде, ойға ой қосып, жанашырлық танытып жүрген басылым ретінде «Ана тілі» газетін атауға болады. «Телерадио не дейді?» деген айдары бойынша берілетін көзқарас-пікірлердің өзі электронды бұқаралық ақпарат құралдарынан беріліп жүрген хабарларға сыни пікір айтып қана қоймай, «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген аталы сөзге құлақ асуды меңзеген. Көп жылдар бойы осы айдар аясында салиқалы пікірлер беріліп келді. Бүгінде «Ана тілі» газетінде осы мәселе төңірегінде тұрақты айдар болмағанымен, басылым ұлттық журналистика мен ұлттық телерадиоға сын көзбен қарап, халыққа не ұсынып жүр деген мәселе бойынша әріптестердің назарына түрлі пікірлерді ұсынып жүр.

Ұлттық мәдениеттің ұйтқысы болып санлатын «Қазақ әдебиеті» газеті де өз тарапынан бұл мәселеге бей-жай қарап келе жатқан жоқ.

«Жас Қазақ» газеті қазақ тілді журналистердің жанашырларының бірі болып табылады. Газеттің алғашқы бетінде орын тепкен «Үштаған» айдары қоғамның, әлеуметтік өмірдің сан қырын қозғайды. Мұнда электронды ақпарат құралдарындағы ұлттық идея тақырыптарының қозғалуы да орына қарай сөз болады. «Егемен Қазақстан» газеті де теле-радиоарналарындағы ұлттық болмысымызды саралайтын «Не көріп жүрсіз?», «Не тыңдап жүрсіз?» айдарлары бойынша беріліп жүрген құнды пікірлері мен сыни көзқарастары да

бүгінгі теле-радиожурналистиканың ұстанатын бағыты қандай екенін де айқын аңғартатындай.

«Жас Алаш» басылымы сыни тақырыпта ой бөлісуде үнемі алдыңғы шептен көрініп жүр. Онда телерадиохабарларға шолу жасалып, ұлттық менталитетке нұқсан келтірілген тұстары тікелей сын тезіне салынады.

Демек, көптің көңілінен шығып жүрген басылымдардың ұлттық құндылықтардың насихатталуы, ұлттық рухты ояту мәселелері мен ұлттық психологияға теріс әсер ететін тұстарына келгенде шеттеп қалмай, өз үлестерін қосып, ой бөлісіп, халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға атсалысып, тілі мен діліне жанашырлық танытып отырғаны анық. Бұл орайда, белгілі жазушы, сыншы Сағат Әшімбаев: «... туған тілі үшін жаны ауыратын – әрбір азамат аяулы анасының тілі – ана тілі алдындағы адамгершілік парызы мен қарызын өтеу үшін өз шама-шарқынша үлес қосуы, атсалысуы керек» [3], - деп ұлттық рухтың ең басты насихатшысы журналистерге өз ақыл-кеңес беріп, үлкен жауапкершілік жүктеген болатын.

Бұған байланысты ақын, ҚазҰУ-дың профессоры Әдібай Табылды: «Ұлттық тәрбие беруге болмайды деп іс жүзінде қарсылық жасалмайды. Ал іс жүзінде тәрбиеге кедергі қойылады», - дей келе: «Біз ұлттық тәрбиеге кедергі жасап келе жатқан келеңсіздіктермен күресе білуіміз керек... Сондықтан да барлық ғалымдар мен зиялы қауым тізе қосып, бұл мәселені шешуге атсалысса» [4], - деп жанайқайын жеткізген еді.

«Адам тәрбиені көбінесе естігеннен емес, көзбен көргеннен алады. Сіздер, теледидардан не көріп жатырсыздар? Көзбен көруге шыдамайтын тексіз кинолар мен қатігездікті насихаттайтын фильмдер көріп жатырсыздар. Түкке тұрмайтын шулаған шоуларды көресіздер. Біздің еліміздіе ұлттық құндылықты насихаттайтын арна керек. Қазақ халқының киесі, иесі болатұғын дүние – ұлттық тәлім-тәрбие. Әлемдік білім, ғылым өз алдына. Онсыз болмайды. Жапондықтар өздерінің ұлттық болмысын сақтай отырып, ғылым мен техникада аттарын әлемге шығарды. Ал біз ше?... Біреудің қаңсығы – бізге таңсық! Жастарды кінәлаудың да қажеті жоқ. Оларға ұлттық салт-сана мен дәстүрді дәріптеу керек. Қазақы ырым-тғйымдарды түсіндіруіміз керек» [5] - деген Зейнеп Ахметованың сөздері құлақ асуға тұрарлық.

«Бодандық мінез-құлық – қазақтың соры» деген мақаласында тарих ғылымдарының докторы Төтенайдың Базарбегі зерттеуге алынып отырған мәселеге қатысты мынадай түсініктеме береді: «Кешегі өткен қоғамдағы отарлау саясаты төрт бағытта жүргізілді. Біріншіден, отарлаушы ұлтты тілінен айыру, екіншіден, дінінен айыру, үшіншіден, салт-дәстүрінен айыру арқылы психологиясын өзгерту, төртіншіден, генетикалық дамуын жою арқылы сол ұлттың көзін жоғалту» [6]. Осындай сараланған саясаттың жүргізілуі қазақ қоғамын ұлттық арнасынан толықтай бұрып тастамаса да, халықтың санасы мен ойын біршама өзгерткеніне куәміз. Бүгінгі таңдағы қазақ тілінің жай-күйі – осының куәсі.

Ұлттық рух пен ұлттық психологияны қалыптастыруға қатысты елеулі еңбектерімен көзге түскен ғалымдардың бірі – психолог Құбығұл Жарықбаев. Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Қ.Б.Жарықбаевтың ғылыми ізденістері Жүсіпбек Аймауытовтың тәрбие туралы толғаныс, ой-пікірлерінің ғылыми жалғасы десек болады. Өз еңбектерінде ғалым сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының көне заманнан бергі тәлім-тәрбиесін, психологиялық және педагогикалық оқу-ағарту туралы ой-пікірдің қалыптасу бағыттарын саралап та, сараптап та, бүгінгі өмірлік талаптарға сәйкес зерттеп жазды. Докторлық диссертациясын «Қазақ психологиясының дамуы мен қалыптасуы» деген тақырыпта қорғаған ғалым ұлттық психология мен ұлттық құндылықтарға ерекше ден қойып, оның сан-салалы бағыттарын жан-жақты ашып көрсеткен.

«Ұлттық тәрбиенің бастауы – ұлттық мұрат», - деп тұжырымдай отырып, журналист, жазушы Жұмабек Кенжалин де төмендегідей өз ойын түйіндейді: «.. ұлттық мұрат туралы ұғым жалпы мектеп оқулығында жоқ. Олай болса, бағзы замандардан бері елді ізгілікке, имандылыққа жетелейтін ұлттық мұрат ұғымын әдіптеп, әспеттеген халықтық пәлсапаның мәйегін тұщынып, өз бойына сіңіріп өспеген ұрпақты, әрине, кінәлай алмайсыз» [7]. Бұл тұрасында ғалым Төтенайдың Базарбегінің мынадай ұсынысы бар: «Біздің басымызды

шырмаған жайт Кеңес Одағы шеңберіндегі елдердің барлығының басында болды ғой. Ал Қазақстаннан басқа елдердің барлығына да оқу орындарында ұлттық психология пәні оқытылады. Тіпті, қырғыз бен өзбек бұл мәселе жөнінен қазақтан көш ілгері. Енді олардың болашағы қамсыз деуге болады. Өйткені, мектеп бітіргендер өз ұлтының қадір-қасиетін бойларына сіңіріп өседі. Демек, ұлттық психологияны оқу орындарында жаппай негізгі пәндердің бірі ретінде оқыту мәселесі қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесін беру ісі бүкіл қазақ халқының болашағына керек» [8]. Ал ұланының рухын көтеріп, ұлттық үрдісті жалғастыра бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз.

Елбасының: «Журналистің, бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтық жауапкершілігі, әсіресе, мемлекеттік пен демократиялық қалыптасуы кезеңінде ерекше жоғары» [9], - деген сөздері журналистерге артқан сенімі мен үміті тәріздес. Осы орайда, мемлекеттің дамуы, ұлттық болмысымыздың айқындылығы мен оның одан әрі жетіле түсуі журналистердің қызметін жетілдіруге жаңаша серпін, жаңаша бағыт сілтейді.

Ұлттық рухтың қалыптасуы, насихатталуы барысын талдамас бұрын, осы мақсатты алдына қойып, ұлт мүддесіне жанашырлық танытып отырған Қазақ радиосының құрылу тарихы туралы қысқаша ақпарат беріледі. Сонымен қатар, халықпен бірге жасасып келе жатқан радионың өткен тарихында да ұлттық құндылықтарды дәріптейтін небір қызықты бағдарламалар, жобалар бар. Олардың әрбіреуінде аты аңызға айналған радио ардагерлерінің қолтаңбасы тұр. Қазақтың қазақ екенін ұғындырып келе жатқан, аты затына сай халықтың үнжариясының әуе толқынынан төгілетін ән-күйлердің берілуіне де сараптама жасалады.

Ұлттық психологияның ерекшеліктері адамдардың біріккен өмірі мен күресінде әлеуметтік, табиғи-географиялық, рухани-мәдени, материалдық жағдайлардың шарттарына лайық қалыптасады. Соның әсерінен әрбір адамда ұлттық мінез-құлықтың, халықта ұлттық сана-сезімнің көріністері, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары пайда болады.

Ұлттық ерекшелік ұлттың рухани бейнесінің негізінде пайда болып, халықтың табиғи, әлеуметтік жағдайының көрінісімен адам санасында қалыптасады. Ұлттың рухани бейнесінің екі жағы бар: идеологиялық және психологиялық. Идеологиялық жағына ұлттың әдебиеті, өнері, ғылымы, философиясы, діні және тағы басқалары кірсе, психологиялық жағына жалпы психология, ұлттық сана-сезім, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кіреді. Ұлттың рухы биік, мәдениеті жоғары ұлт болып қалыптасуы үшін ұлттық идеология мен ұлттық психологияның атқаратын рөлі зор. Ал осының барлығы тоғыса келіп, ұлттың рухани бейнесін құрайды. Ал ұлттың рухани бейнесі дегеніміз – бір сөзбен айтқанда, ұлттық құндылықтар. Ал ұлттық құндылықтарды бойын сіңіру арқылы адам бойында ұлттық рухтың белгілері көрініс табады.

Идеологияны қалыптастырып, бір арнаға түсіру жолында бүгінгі күні үлкен қажеттілік туындап отыр. Мұндай сұраныс пен қажеттілікті қанағаттандыру үшін жекелеген адамның өзіндік психологиясының дінгегімен қатар, ұлттық психологияның қазығы болуы шарт. Оны қалыптастырып, адам бойына сіңіруде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі орасан зор екендігіне бүгінгі таңда ешкім де қарсы пікір айта қоймас. Әсіресе, ең қолжетімді электронды бұқаралық ақпарат құралының бірі болып саналатын радионың адам санасын, мінез-құлқын, бір сөзбен айтқанда, жалпы психологиясын өзгертудегі әсері біршама деуге негіз бар.

Ұлттық құндылықтарды өзгермейтін құбылыс ретінде қарастыруға болмайды. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге, әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты өрісін кеңейтіп дамып, жанданып отырады. Оған мысал ретінде социализм құрылысы жылдарындағы қазақ халқының өміріндегі ұлттық психология мен ұлттық идеологияның өзгерісін айтсақ та жеткілікті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ ұлтының жаңа бір белеске көтеріліп, көптеген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан шеше бастауы да ұлттық психологияның өзіндік арнаға бет бұруы, дұрыс жолға түсіп, ұлт ретінде қайта қалыптасуда жасаған алғашқы қадамы деп түсінеміз.

Ұлттық психология мынадай құрылымдық элементтерден тұрады: ұлттық мүдде, ұлттық талғам, ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезім.

Ұлттық мүддеге тек психологиялық қажеттіліктердің ғана емес, материалдық талап-тілектердің де ықпал ететінін атап өткен жөн. Ұлттық мүдде үміт, арман, тілек, идея, мақсат, тағы басқа мысалдардан байқалады да, экономикада, мәдениетте, саясатта, тұрмыста жалпы және жеке ерекшелік болып кездеседі.

Қорыта айтқанда, ұлттық талғам дегеніміз – жалпы адамзат талғамымен тікелей байланысты ұлттық ерекшеліктерге сай дамып, жанданып отыратын ұлттық психология элементі.

Ұлттық сана - өзінің ұлттық өкілдігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық танытып, халық мұраларын, мақтанышын бағалай білу. Ұлттық сананың қалыптасуында рухани мәдени шығармалар, тарихи туындылар, ұлттық рухани мұралар үлкен рөл атқарады. Ондай шығармаларда адамның ұлттық сана-сезімінің жетілуіне, дамуына ерекше әсер ететін оқиғалар, классикалық музыкалық шығармалармен сүйемелденіп бейнеленеді. Әсіресе, бұл жерде тарихи шығармалардың қосар үлесі зор. Шығарма дүниеге келіп, өз оқырманын, тыңдарманын, көрерменін тауып жатса, нұр үстіне нұр.

Ұлт өкілі алдымен өзінің сол ұлттың өкілі екендігін мойындамаса, оның барлық өміріндегі тарихи әлеуметтік, саяси, мәдени құбылыстарына, жеріне, еліне деген мақтаныш сезімі, патриоттық рухы болмаса, онда шынайы ұлттық сананың болуы мүмкін емес. Сондықтан кез келген ұлттық психология өз ұлтын сезінуден, оған жауапкершілікпен қараудан бастау алады.

Яғни, ұлттық сана дегеніміз – ұлтын жан-жақты танып, мақтан тұтып, бағалап, оны рухани жан-дүниесімен қабылдай білуі.

Ұлттық мінез-құлық – халықтың тарихи өмірінің нәтижесі. Ол, ең алдымен, ұлттық тіл арқылы адам бойына сіңеді. Яғни, ұлттық мінез-құлықты халықтың қоғамдық өмірінің тәжірибесі арқылы тарихи тұрғыда қалыптасқан машығы мен әдетінің жиынтығы, әрі жалпы, барлық халыққа тән және ерекше қасиеттерінің бірлігі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, еліміздегі ұлттардың мінез-құлқын мәдениеті мен тұрмысынан, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінен байқай аламыз.

Тарихи кезеңдердің халықтар психологиясына әсерін бағалай келіп, француз ғалымдары «Француз ұлтының қалыптасуы» атты еңбекте былай деп көрсетеді: «таптық күрестердің әсерінен халық бұқарасында революциялық күрестің дағдылары нығайды, олардың бейімделу мен ұйымдастыру қабілеттер артты... Тап күрестері халықтың мінез-құлқында белгілі әдептерді қалыптастырды» [10].

Ұлттық мінез-құлық белгілерінің бірі – ұлттық көзқарас. Көзқарастар мен наным жүйесі ұлттық мінез-құлықтың идеологиялық және дүниетанымдық жақтары болып саналады.

Сайып келгенде, ұлттық мінез-құлық белгілі бір халықтың тарихи жолында қалыптасып, дамып, жетіле, даралана түскен ұлттық мінез ерекшеліктері, жеке қасиеттері.

Күнделікті өмірде ұлттық сезімнің күрделі жүйесінде ұлттық мақтаныш сезімдерімен қатар ұлтшылдық, шовинистік және ұлттық соқыр сенімдер мен тоғышарлық сезімдерді ажырата білген жөн.

Қорыта айтсақ, «ұлттық сезім дегеніміз – ұлттың материалдық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерінің негізінде қалыптасатын әрі алдыңғы қатарлы ұлттық идеялар, ой-пікірлермен байып отыратын ұлт бостандығы жолындағы күрестің тарихымен байланысты әлеуметтік-психологиялық сезім» [11].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мәмбетов Қ. «Б. Момышұлы және ұлттық тәрбие» // «Мәдениет», №10, қазан, 2007ж.
2. Кенжалин Ж. «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз», Алматы, 1998ж., 7-бет
3. Мәмбетов Қ. «Б. Момышұлы және ұлттық тәрбие» // «Мәдениет», №10, қазан, 2007ж.
4. Әшімбаев С. «Шындыққа сүйіспеншілік», Алматы, 1993ж., 291-бет
5. Ахметова З. «Атаға келін болу – арыстанның апанына түскенмен бірдей» // «Шипагер», мамыр, 2010ж.

6. Табылды Ә. «Ұрпақты қалай қорғаймыз?» // «Қазақ әдебиеті», 21.03.2008ж.
7. Төтенай Б. «Бодандық мінез-құлық – қазақтың соры» // «Қазақ әдебиеті», 21.03.2003ж.
8. Кеңжалин Ж. «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз», Алматы, 1998ж., 7-бет
9. Төтенай Б. «Бодандық мінез-құлық – қазақтың соры» // «Қазақ әдебиеті», 21.03.2003ж.
10. «Ұлттың ұлылығы ұлттық рухында» // «Қазақ әдебиеті», 19 наурыз, 2001ж.
11. Елікбаев Н. «Ұлттық психология», Алматы, 1993ж., 35-бет

Құрманғазы Жұмағұлұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Баспасөз және баспа ісі кафедрасының магистранты,
Астана, Қазақстан

ТӘРБИЕ – «АБАЙ» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ АЛТЫН ТАМЫР

Бірде актер анталаған, бірде қызылдар қырғын салған аумалы-төкпелі заманнан «есі ауған» қазақты, «Оян, қазақтап» оята алмайтындығын түсінген алаш арыстары, ұлттың санасын ағарту жолына түсті. Өзге өнерлі жұрттармен терезесін тең ету үшін, әуелі, тәрбие керектігін түйсінді. Онсыз бостандыққа, теңдікке жету мүмкін емес екенін жақсы сезінді. Сол кездегі қазақ басылымдарын қарап отырсақ, олардың барлығына тән ортақ ерекшелікті көруге болады. Ол – тәрбие. Алаш арыстары тәрбие арқылы ұлттың санасын болашақ тәуелсіз мемлекетке даярлады, мәдениетті, өркениетті сана қалыптастыруға күш салды. Бүгінгі тәуелсіздік – алаштың арманшыл, кемеңгер ойының жемісі десек, қиыннан қиыстырғандық емес.

Алаш зиялылары үшін патшалық Россия кезіндегі жағдай мен кейінгі кеңестік үкімет орнағаннан кейінгі өзгеріс, мүлде кереғар ситуация қалыптастырды. Патшалық Россия құрамында бұлқынған Алаштық идеяның басты мақсаты – тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Оған қаптаған қара бұлттан сығалаған күндей болып, бір үміт сәулесі жарық түсіретін. Әр жерде Ұлттық демократиялық бағыттағы саяси партиялардың саясат сахнасына шығуы, ұлттың үні – ұлттық басылымдар ел іші-сыртындағы өзгерістерді бұқараға түсіндіріп, жеткізіп отыруы, бәр-бәрі айналып келгенде бостандыққа қол жеткіземіз деген бұлқыныстың көрінісі екені аян. Ал кеңестік үкімет үстемдік құра бастаған қазан төңкерісінен кейінгі жағдай мүлдем басқа арнаға түсті. Қызыл үкімет қызылкөзденіп, айналасындағы елдерді шенгелінен шығармаудың қамын жасады. Осы бір аласапыран кезеңде, алаштың бағына «Автономия» бұйырды. Оған Алаш зиялылары бөркін аспанға атып қуанды. «Сарыарқа» газетінің №36 санында «Автономия – бас билік тізгіні өзінде болып, жұрт өзін-өзі билеу деген сөз. Біздің іздегеніміз – жерге, ұлтқа байланған автономия» [1, 213 б] деп, алдырына ұлы мақсат қояды. Бұл мақсаттың астарында бабалардың «ақ біліктің күшімен, ақ найзаның ұшымен» сақтап келген алып даласын ешкімге бастырмауға деген ұлы сенім мен ұлттың мәңгілігін ойлаған ұлы аңсар жатыр. Автономияға қол жеткенімен, жерге, ұлтқа байланған автономияға жету үшін саяси күрестің басқышын басуға тура келді. Ол үшін ұлт зиялылары баспасөзден күшті қару жоқ екенін сезінді. Оған Міржақып Дулатовтың: «әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатасыз бір өлшеуіші – баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» [2, 121 б] деген сөзі дәлел. Ұлт зиялылары жалпы ұлттың бойындағы кемшілікті баспасөз арқылы түзетуге, нашар әдет-ғұрыптардан арылтуға қалам қуаттарын аямады. Көптеп басылымдар шығарып, оны ұлттық рухтың тұма бұлағымен суарып отырды. Сол арқылы, жоғарыдағы басты мақсат – ұлтты бостандыққа, азаттыққа ұмтылдыруға күш салды. Айналып келгенде, ұлтты мәдениеттілікке, өркениеттілікке, білімділікке, өнерлілікке тәрбиелеу екені белгілі. Осы мақсатынан қылдай ауытқымаған алаш зиялыларының көбі өз бастарын кеңестік зұлым саясаттың құрбаны етті де, ұлттың санасына бір түйір ұлттық рухтың дәнін егіп кетті. Осыдан ғасыр бұрынғы себілген сол дәннің осы күнге дейін ескірмей, санамызға сәуле

<i>Абилдаев Алмас</i>	
РАЦИОНАЛЬНОСТЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	238
<i>Апуова Даная Исатаевна, Тахан Серік Шешенбаевич</i>	
РОЛЬ ТЕЛЕВИДЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ВНУТРЕННЕГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА.....	241
<i>Ахмаганбетов Руслан</i>	
«ҚАЗАҚ ЕЛІ - МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАР.....	244
<i>Ботабеков Қуанышбек Тасболатұлы</i>	
АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	252
<i>Нұржан Болатұлы</i>	
«ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ ЭТНИКАЛЫҚ ТЕРРИТОРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ».....	258
<i>Анар Жұмабаева</i>	
ҰЛТТЫҚ РУХ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА.....	261
<i>Құрманғазы Жұмағұлұлы</i>	
ТӨРБИЕ – «АБАЙ» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ АЛТЫН ТАМЫР.....	266
<i>Данияр Закираев</i>	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАНЫҢ ДАМУЫ.....	269
<i>Еримбетов Тимур</i>	
ИНТЕРНЕТ В КАЗАХСТАНЕ. ПРОБЛЕМАТИКА И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	272
<i>Ибрагимова Ақжан Рүстембекқызы</i>	
НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ.....	274
<i>Ибраева Молдир</i>	
ИНФОРМАЦИОННЫЕ ВОЙНЫ В ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ.....	279
<i>Калиева Алия Альбекқызы</i>	
ЖАСТАР ЖӘНЕ САЯСАТ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	281
<i>Калчаева Лира Темирбековна</i>	
КЫРГЫЗСТАНДЫҢ ТЕЛЕКАНАЛДАРЫНДА ИНТЕРАКТИВДУУ БІКМАЛАРДЫ КОЛДАНУУ МАСЕЛЕЛЕРІ.....	285
<i>Койшибаев Манарбек Муратжанович, Аскеева Г.</i>	
ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДОВ КАЗАХСТАНА.....	288
<i>Кулышманов Канат Амангельдинович</i>	
НОВОСТЬ – ОСНОВА ПУБЛИЦИСТИКИ ИНФОРМАЦИОННЫХ АГЕНТСТВ.....	291
<i>Курманғалиева Асель</i>	
ОСВЕЩЕНИЕ В СМИ ТЕМЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ.....	295
<i>Приходько Иван,</i>	
ЗЕРНОВОЙ СЕКТОР ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: АНАЛИЗ, ТЕНДЕНЦИИ, ПЕРСПЕКТИВЫ.....	298
<i>Кутпанбаева Ж.Б.</i>	
МЕСТО И РОЛЬ СМИ В ПОЛИТИКЕ.....	300
<i>Маманқұлова Ақмарал</i>	
«ҚАЗАҚ РАДИОСЫ» ЖӘНЕ РУХАНИЯТ ТАҚЫРЫБЫ.....	303
<i>Маншарипова Гүлмира Батырбекқызы</i>	
МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНА АРНАЛҒАН БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ЖАНРЛАР КӨРІНІСІ.....	306
<i>Мохов Роман Юрьевич</i>	
ОСВЕЩЕНИЕ ЛОКАЛЬНЫХ КОНФЛИКТОВ И ВОЙН В СОВРЕМЕННЫХ СМИ.....	310
<i>Нәдірбекова Гүлзира</i>	
ЖАҢАҢДАНУДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК.....	312
<i>Нурғалиев Жангер</i>	
ОСОБЕННОСТИ ОНЛАЙН ВИДЕО КАК ОТДЕЛЬНО ВЗЯТОГО МЕДИА.....	316